

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

Volume 6, Number 310 (2016), 21 – 24

A. Karataeva

Candidate of Jurisprudence, Associate Professor of Department of the Theory and History of State and Law,
Constitutional and Administrative Law, Law Faculty, Al-Faraby KazNU

**PECULIARITIES OF FORMATION OF LEGAL CULTURE
IN CONTEMPORARY KAZAKHSTANI SOCIETY**

Annotation. The paper considers the substantive part of the legal culture. Also in the paper comprehensively researched and the relation to the legal culture and legal education. The paper also focuses on the formation and development of such phenomena as culture and civilization. The main conclusions and points the author may be used in the formation and development of legal culture, to increase the legal awareness and legal education of Kazakh society.

Keywords: legal culture, legal civilization, legal education, the state, the public authority, the activities of the State.

А.М. Каратаева

Заң ғылымдарының кандидаты, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің заң факультеті, мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық және әкімшілік құқығы кафедрасының доценті

**ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚОҒАМДА ҚҰҚЫҚТЫҚ
МӘДЕНИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Аннотация. Жұмыста құқықтық мәдениеттің мазмұндық тұстары ашылып, қарастырылады. Сонымен қатар, құқықтық мәдениеттің және құқықтық тәрбиенің арақатынастары және ерекшеліктері талданып, жан жақты зерттеледі.

Сондай ақ мақаланың авторы мәдениет пен өркениеттің қалыптасуы мен дамуына аса назар бөледі. Автордың қол жеткізген нәтижелері мен қорытындыларын қазақстандық құқықтық мәдениеттің қалыптасуы мен дамуына, қоғамның құқықтық санасын арттыруға, қоғамның құқықтық тәрбиесін көтермелеуге ісінде қолдануға болады.

Тірек сөздер: құқықтық мәдениет, құқықтық өркениет, құқықтық тәрбие, мемлекет, мемлекеттік орган, мемлекеттің қызметі

Қазақстан Республикасында демократияның даму болашағы ең біріншіден 1995 жылғы ҚР Конституциясында жарияланған демократиялық қағидалардың жүзеге асырылуымен, демократия институттарының қалыптасуымен және дамуымен, қоғамдағы мәдениеттің, әсіресе құқықтық мәдениеттің жалпылай көтермелеу арқылы қолданымдағы құқықты қалыптастыру және нығайтумен байланысты. Тоталитарлық кезеңдегі әділетсіз уақыттан кейін қазіргі кезде құқықтық шындықтың жаңа бағыттары қалыптасуда. Бұл жаңа қалыптасып жатқан жолдағы көптеген жағдайлар бізге таныс, мұны заң шығарушылар, мемлекеттік қызметшілер, ғалымдар және әрбір азамат оқып меңгеруі қажет [1].

Тоталитарлық идеологиялық және психологиялық қоғам мен жеке тұлғаның жалпы жағдайына және көңіл күйіне негізінен теріс әсер етті.

Күні бүгінде қазақстандық қоғамның құқықтық мәдениетінің жалпы деңгейі өте төмен. Жарияланған конституциялық нормалар мен шынайы құқықтық қатынастардың арасында айтарлықтай өзгеріс бар екені белгілі. Құқық шығармашылық қызметін жетілдіру қажет, себебі қолданымдағы заңнамалардың тиімділігін бағалаудың объективтік критериілері жоқ. Оған

мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалар тарапынан құқықтық қағидалар мен нормаларды сан алуан бұзу фактілері дәлел бола алады. Әр түрлі өзгерістер көп болған жағдайда пайдакүнемдік мүдделер басым бола бастайды. Нарықтық қатынастың келеңсіз тұсы қоғамда мораль мен өнегеліктің жоққа шығарылуына әкеп соғуынан көрініс табады. Құқықтық, әлеуметтік мемлекетті жуық арада қалыптастыру, адамды заңсыз әрекеттерден, бюрократиялық шенеунік аппаратынан, қылмыстық топтардан қорғай алатын, құқықтық жүйені құру мүмкіншілігіне халықтың сенімі жоғалады. Сонда құқықтық санада «ажырамас тәуекел идеологиясы» бекітіледі, құқық қоғамдағы тәртіпті сақтауға емес, жеке пайданы, пайдакүнемдік мүдделерді қанағаттандыруды көздей отырып, «күштілердің құқығы» немесе «мықтылардың құқығы» деп атала бастайды.

Құқықтық мәдениеттің деңгейін көтермелеуге және қоғамда заңды құрметтеу сезімін қалыптастыруға өз ықпалын тигізетін, құқықтық мәдениет пен құқықтық тәрбиені нығайту мен жетілдіру жөнінде жүйелі жұмыстар атқарылуы тиіс. Тек білімді, жоғары өнегелігі және дамыған құқықтық санасы бар, заңи білімді адам ғана азаматтық қоғамның негізін құра алады. Ал, әлсіз азаматтық қоғам – құқыққа қарсы, автократиялық режимнің өмір сүруіне жағдай жасайды.

Әр түрлі тарихи кезеңдерді басынан өткерген Қазақстан мемлекеті қазір өзін - өзі жалпы белгілерінің бірі жоғары құқықтық мәдениеттің деңгейінің болуы болып табылатын құқықтық мемлекет етіп жариялап, азаматтық қоғамды қалыптастырып, дамытуда. Республикада құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара ықпалдасу механизмдері құрылып, іске асырылып келеді. Қоғамдық құқықтық сананы дамыту мен құқықтық мәдениеттің деңгейін көтермелеудің тиімді тұстары анықталуда. Өркениетті нарықтық қатынастары бар азаматтық қоғамды қалыптастыру үшін бастапқыда жеке адамның құқықтық санасы мен құқықтың нормативтік-реттеушілік рөлін түсінуді дамыту қажет, сонымен қатар жеке тұлғаның құқық шеңберінде, өзін-өзі реттеу негізінде заңмен қорғалатын өзінің мүдделерін іске асыру мақсатында, құқықтық мәдениеттің қалыптасқан құндылықтарына негізделген өзіндік әрекеттер жасау қабілетін дамыту керек. Табиғи құқық теориясы тұлғаның жеке-дара және өзіндік құндылықтары бар тіршілік иесі ретінде басымдылығын бекітті, ол әлемдік құқықтық доктринамен де танылды. Бұл шартты жағдайларсыз азаматтық қоғам дамымайды.

Қоғамның құқықтық мәдениетін қалыптастыруда құқықтанушылардың рөлі маңызды, себебі олар қоғамдық жүйенің негізгі буындарымен, атап айтқанда мемлекеттік биліктің буындарымен тығыз әрі тікелей байланысты, сонымен қатар қолданымдағы заңдардың жай күйі тікелей заң ғылымына қатысты болып келеді. Құқық ғылымы және мемлекет пен қоғам өмірінің барлық салаларында жұмыс істейтін ғалым заңгерлер әлеуметтік жүйеде белгілі бір орын алуы тиіс.

Қолданымдағы нормативтік құқықтық актілерді білу, тіпті олардың мәтінін дұрыс құрастыру құқықтық мәдениеттің жоғары деңгейінің көрсеткіші болып қана қоймай, құқықтың өзіне де, жалпы адамзаттық идеалдарды, идеяларды және әділеттілік, теңдік, бостандық және ізгілік сияқты және заңның әрпімен және рухымен әрекет ету қағидаларын білдіретін шынайы құқықтық шындыққа құрметпен қарауды меңзейді.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.А. Назарбаев 2001 жылдың қаңтар айында қоғам өкілдерімен кездесуде қазақстандық ұлттық идеяның негізгі қағидаларын баяндап, оның негізгі құрамдас бөлігі қазақстандықтарда заңға бағынушылықты тәрбиелеу екенін атап айтты, заңның біздің мемлекетіміздің негізі екендігін атап өтті.

Халықтың құқықтық мәдениеті мен құқықтық санасын көтермелеу мақсатында құқықтық жалпылама білім беру бағдарламалары іске асырылып жатыр. Халық үздіксіз жүйелі білім беру жүйесінде (мектепке дейінгі, орта білім алуда, арнайы және жоғары білім алуда) құқықтық білім алуы керек. Мемлекеттік қызметшілер, лауазымды тұлғалар құқықтық аттестация өтіп тұруы міндетті. Заң ғылымының алдына қойған міндеттерінің бірі – аталған бағдарламаның іске асырылуына объективті талдау жасау, осы жерде жіберілген қателіктердің алдын алуға жәрдемдесу және оның тиімділігін көтермелеудің сыңнан өткен әдістерін ұсыну болып табылады.

XX ғасыр адамзат тіршілігінің барлық салаларына, оның ішінде ең біріншіден ғылым және техника секілді тұстарына елеулі өзгерістер енгізген әлемдік өркениеттің дамуына үлкен жол ашты. Ғылым мен техника жетістіктерін кең пайдалану халықтың өмір сүру деңгейін әжептәуір жоғарлатуға өз ықпалын тигізеді. Физика мен өзге де табиғи ғылымдардың дамуы бастапқыда адамзаттық мәселелерді шешуде ғылыми білімнің күші туралы ойды жандандырып, кейіннен оған күмән тұдыра бастады. Адамзаттық өркениет көптеген қауіпті оқиғалардың алдында әлсіз күйде кешуде.

Жоғары құқықтық мәдениеттің қалыптасу мәселелері құқықтық мемлекет қағидаларының жүзеге асырылуы мен азаматтық қоғамның қалыптасуына тікелей байланысты болып табылады.

Қоғам үшін әлеуметтік жүйенің іргетасы олардың мінез-құлқын анықтайтын құндылықтар болатыны, күні бүгінде айқын көрініс тауып отыр. Әлеуметтіктің бір типінен екінші бір типіне өту кезеңінде мәдениеттің рөлі көріне бастайды. Жаңа құндылықтар, оның ішінде негізін жеке меншік құрайтын құқықтық құндылықтар пайда бола бастайды. Ол адамның, қоғамның және мемлекеттің арасындағы жаңа қатынастарды бекіткен орталық идея болып табылады.

Бұрынғыда жеке тұлға тек әлеуметтік жүйенің көрінісі болып, адамзат тіршілігінің маңызды барлық салалары (атап айтқанда меншік, отбасы, еңбектің ұйымдастырылуы) мемлекеттік тіршіліктің мәртебесіне ие болса, енді жаңа кезеңде ол әлеуметтік әрекеттің жеке-дара бірлігі болып, ал оның социумға бағыныштылығы екінші кезекке ығыстырылды.

Меншік адамның табиғи ажырамас құқығы болып қалыптасады. Әлеуметтік жүйенің орталық институты нарық болып табылады, ал оның басты қағидалары—жеке-даралық, келісімнің еркіндігі, еркін бәсекелестік және еркін кәсіпкерлік болып танылады. Нарықтық жүйе қоғамдық қатынастардың жаңа нысандарының институционализациялануының негіздерін қалыптастырды. Жеке мүдделер, еңбек және жеке құқықтар саяси бақылаудан ажыратылды. Сәйкесінше қоғамның үш дара бөлігі қалыптастырылды: нарық, мемлекет, азаматтық қоғам, олардың әрқайсысының арнайы реттеуі бар және биліктің белгілі бір үлесіне ие болып табылады.

Азаматтық қоғам – күшті әрі тәуелсіз, ол мемлекеттің шектен шығуын және нарықтың толқуын шектеп отырады. Ол жеке құқықтар мен бостандықтар аясын қамтиды. Оның тәуелсіздігі шынайы мүліктік және кәсіби автономияға ие көпшілік адамдардың болуымен негізделеді. Тек азаматтық қоғам болғанда ғана әлеуметтік нарық пен құқықтық мемлекет туралы айтуға болады. Демократияның қоғамның саясатқа қатысу сапасы мен санына байланысты екендігін ұмытпаған жөн. Азаматтық қоғам мемлекетпен тепе-тең қызмет етуі керек.

Демократиялықтың дәрежесі азаматтық қоғамның даму дәрежесімен анықталады. Бірақ демократия – ол тек қоғамдық бақылау ғана емес, ол сонымен қатар қоғамдық баланс болып табылады. Былайша айтқанда ол бақылау мен баланс жүйесі болып табылады.

Жоғары құқықтық мәдениетті осы заманның құқықтық мемлекеттердің негізделетін алғашқы өркениетті қағидасы экономикалық және саяси биліктің бөлінуі болып танылады. Нарықтық кәсіпкерлік - өндірушінің одан тәуелсіз тұтынушының алдындағы бәсекелестігімен байланысты өндіру қызметінің тәуекел типі. Қазіргі кәсіпкер экономикалық және саяси биліктің араласуы қағидасына негізделеді. Биліктің функциясы байлық болған жерде бақылаусыз биліктің өсуі байқалады.

Екінші өркениетті қағида болып құқықтық жағдаймен тікелей байланысты келісім-шарттар мен контрактілер табылады. Құқық әр түрлі сыртқы араласуларды шектейді, оның шаруашылық қатынастарға енуіне кедергі жасайды. Қосымша экономикалық күштің нәтижесі болуы үшін құқық оған кепіл болады, сол арқылы бастамышылық пен жоғары сапалы еңбекті ынталандырады. Қайта тарату экономикасынан өсу экономикасына өту құқықтық қағидалардың негізінде қамтамасыз етілуі керек.

Адамдардың білімдік және мәдени деңгейі тұрақтанған сайын, қоғам өркениетті экономикаға жағын бола бастайды, адамдардың арасындағы іскерлік қарым-қатынастарда әділетсіздік пен қайырымсыздық төмендейді, құқықтық нормалардың бұзылуы азаятыны белгілі. Бай-қуатты елде ұрлық, өтірік айту қылықтары адамгершілікке жат бола бастайды. Осы замандағы құқықтық нигилизм мен құқықтық мәдениеттің мүлдем жоқ болуы көбінесе экономикалық дамымағандықпен, заңдардың қарама-қайшылығымен, басқарудың бірқатар тетіктерінің биліктік құрылымдардан айырылуымен, нарықтық қатынастардың шынайы мәдениетін және өркениетті нарықтың заңдарын білмеушілікпен түсіндіріледі. Құқықтық нигилизмді болдырмаудың негізгі жолы экономиканы көтеру, осы заманғы өркениетті нарыққа өту деп білеміз.

Қазіргі кезде Қазақстанда тіршіліктің барлық салаларында құқықтық мәдениеттің жоғары көрінісі ретінде «заңның рухына» көп көңіл бөлінуде, ал «заңның әрпі» заңи мәдениеттің тікелей көрінісі болып қала береді. Құқықтық мәдениет пен заңи мәдениет ұғымдары мәдениет пен өркениет ұғымдары сияқты біріне-бірі пара-пар келеді. Құқықтық құндылықтар, адамның табиғи құқықтары мен бостандықтары белгілі бір заңи нысанды иеленгенде және қорғауды талап еткенде заңи мәдениет маңыздырақ бола бастайды [2, с. 202].

Қоғамдық дамудың әрбір сатысында күрделі әлеуметтік үрдістер орын алып жатқанда қайсыбір халыққа болсын, қайсыбір мемлекетке болсын өзін-өзі сақтап қалуы үшін жалпы адамзаттық рухани құндылықтарды тауып, қолданудың маңызы зор. Мұндай құндылықтарға құқықтық құндылықтарыда, құқықтық мәдениеттің моральдік-этикалық қағидалары жатады.

Қазіргі қазақстандық қоғамда дамыған құқықтық мәдениеттің, тұрақты заңдардың, құқықтық тәртіптің жоқтығы салдарынан жеткілікті деңгейде қоғамның әл-ауқатын көтермелеуге, адамның тіршілік етуіне жағдай жасауды қамтамасыз етуге қатысты күрделі әлеуметтік-экономикалық мәселелерді тиімді түрде шешу мүмкін емес.

Заң ғылымының өзекті міндеттерінің бірі құқықтық мәдениет пен құқықтық мемлекет сияқты әлеуметтік құбылыстардың өзара байланысы мен айырмашылықтарының проблемаларын, азаматтық қоғамның қалыптасуы мен дамуына құқықтық мәдениеттің тигізетін әсерін, әлемдік мәдени жетістіктер шеңберінде қазақстандық қоғамның әлеуметтік үрдісін теориялық тұрғыда шешу, болып табылады. Күні бүгінде құқықтық мәдениетті қалыптастыруда билік құқығының құқықтың билігіне өту мәселесі алдыңғы қатардағы проблема болып табылады. Биліктің құқығы билікке және оның институттарына тән құқықты білдіреді, сол арқылы мемлекетті басқару жүзеге асырылады. Құқық билігі болса керісінше мемлекеттік институттар елдің азаматтары секілді заң тарапынан белгілі бір шектеулерге тап болады.

Құқықтық мәдениеттің құндылығын, қоғамдық дамудағы құқықтық жетістіктердің мәні мен мазмұнын мақсатқа сай зерттеудің негізгі өзегі болып гуманистік дамудың жалпы адамзаттық тенденциясы танылады. Адамдар қауымдастығының, қоғамдық қатынастардың ұйымдастарылуында адамгершілік пен руханилылықтың деңгейінің өсуі күні бүгінде әлемдік қоғамдық даму жетістіктерінің маңызды көрсеткіші болып табылады.

Қазақстандық қоғамның құқықтық мәдениетін көтермелеу үшін келесідей ұсыныстар жасауға болады:

- қазақстандық қоғамның тіршілік етуінің барлық салаларындағы терең әрі жан-жақты дағдарыстар жағдайында құқықтық мәдениетті дамыту мемлекеттік тұжырымдамалары мен бағдарламаларын әзірлеп, бекіту қажет. Бұл жерде әлемдік жалпы адамзаттық құндылықтармен, және олардың ұлттық менталитетпен байланысы негізінде қоғамның құқықтық ой-көзқарастарын қалыптастыруға ерекше назар аудару керек;

- заң шығарушының құқықтық мәдениетінің тиісті деңгейін көтермелеу қажеттігіне байланысты заң шығарушының этикалық, заңи-психологиялық мінез-құлқының тұжырымдамасы мен ережелері Кодексінің жобасын әзірлеу қажеттілігі туындап отыр;

- мемлекеттік және жеке дара деңгейіндегі заң білімін ұйымдастырусыз, білім беру үрдісіндегі пәндерді біріктіру қағидасына негізделетін тек «заңның әрпін» үйретіп қоймай, сонымен қатар оның рухын құрметтеуге бағытталған түрлі деңгейлердегі оқу орындарында құқықтық мәдениет пен құқықтық ой-сананы қалыптастыру мәселелері бойынша оқу бағдарламаларын әзірлеп, енгізіп, үнемі жетілдіріп тұрмаса, қазақ қоғамының құқықтық мәдениетін көтермелеу мүмкін емес;

- заң білімінің даму жағдайы мен тенденцияларына, қоғамның құқықтық мәдениетінің деңгейі туралы кең ауқымды әлеуметтік зерттеулер жүргізуге ерекше назар аудару қажет деп есептейміз.

ӘДЕБИЕТ

[1] Қазақстан жолы-2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ: Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы // Алматы ақпашы. – 2014. – 17 қаңтар.

[2] Ибраева А.С. Правовая культура: вопросы теории и практики. – Алматы, 2006. – 235 с.

А.М. Карагаева

кандидат юридических наук, доцент кафедры теории и истории государства и права, конституционного и административного права юридического факультета КазНУ имени аль-Фараби

ОСОБЕННОСТИ ФОРМИРОВАНИЯ ПРАВОВОЙ КУЛЬТУРЫ В СОВРЕМЕННОМ КАЗАХСТАНСКОМ ОБЩЕСТВЕ

Аннотация. В работе рассматриваются содержательные стороны правовой культуры. Также в работе всесторонне исследуются соотношение и особенности правовой культуры и правового воспитания.

В работе также особое внимание уделяется на формирование и развитие таких феноменов как культура и цивилизация. Основные выводы и положения автора могут быть использованы в формировании и развитии правовой культуры, в повышении правосознания и правового воспитания казахстанского общества.

Ключевые слова: правовая культура, правовая цивилизация, правовое воспитание, государство, государственный орган, деятельность государства.